

## Бұйрық №51

«Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

2024 жылдың мамыр айының 10 -ы.

### «2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қазанда № 33501 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу төмендегі тәртіпте белгіленсін:

- 1) 1-11/12/ сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
- 2) 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығында
- 3) 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 28 мамыр -11 маусым аралығында өткізілсін.
- 4) 9-сынып білім алушылары негізгі орта білім курсы бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып қорытынды аттестаттауда 4 міндетті емтихан тапсырады:
  1. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша (эссе) жазбаша емтихан-29 мамыр;
  2. Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 3 маусым;
  3. Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 6 маусым;
  4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан\биология\ 2024 жылғы 10 маусымда өтілсін.
- 5) 11- сыныптардың білім алушыларын қорытынды аттестаттауы санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2024 жылғы 28 мамыр мен 11 маусым аралығында өткізілсін:
  - 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

6) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Абдрахмановаға жүктелсін.

Мектеп директоры



Н. Бирликбаева